

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ СОМАТИЗМДЕРДІҢ ТАНЫМДЫҚ АСПЕКТІСІ ЖӘНЕ ЖОО-ДА ОҚЫТЫЛУЫ

*Тұрысбек А.Қ.¹, Ерхожина Ш.Л.²

*^{1,2} SDU университеті, Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Тіл табиғатын адам болмысымен бірлікте зерделеп, тіл мен таным ұғымдарын зерттеу мәселесі лингвистика ғылымының заңдылықтары мен ережелерін өмірге әкеліп, тілдік бірліктердің болмысын ішкі және сыртқы әсерлер тұрғысынан талдауға мүмкіндік береді. Осылайша, құрылымдық ұстанымдар, логикалық және танымдық қағидаларға ұласып, тіл ғылымының ауқымы кеңейе түседі. Мақалада қазақ тілінің лексикасын адамтанымдық бағытта оқыту сөз болады. Оның ішінде соматикалық лексиканы танымдық аспектісі талқыланып, оны оқытудың жолдары қарастырылады. Қазақ тіл білімінде антропоэзектік парадигмада соматикалық лексиканың зерттелу жайына шолу жасалып, тілдің лексикалық жүйесін толық бейнелейтін семантикалық өрістер сөз болады. Дене мүшелерінің атаулары негіз болған тілдік бірліктердің қолданыста репрезентациялануы арқылы жұмсалымы кеңінен талқыланады. Сөздік қордың ең өнімді өрісі соматизмдердің бірнешеуіне танымдық талдау жасау арқылы дәлелденеді. Қазіргі таңда да, халықтың рухани деңгейі дамуына сәйкес, қай салада, не зерттелсе де адами көзқараспен, ұлттық таныммен жасалған дүние үлкен сұранысқа ие болуда. Тіршіліктің басты құралы тіл болмысына зер салу, әрбір сөз мағынасын халықтық таным тереңінен суырып, тіл болмысын адамның қабылдау, пайымдау, ойлау құбылысымен ұштастыру - отандық тіл ғылымын жаңа биікке көтерсе, жоғары оқу орнында болашақ тіл мамандарын дәстүр мен жаңашылдық үдерістерін танымды дамыту үрдісімен ұштастыра оқытып, ұлттық болмысты тану мен мол байлықты қолдану дағдыларын арттыруға мүмкіндік береді. Мақалада студенттерді болашақ тіл маманы ретінде олардың танымы мен сөздік қорын байыту, кешенді талдау негізінде оқутанымдық дағды қалыптастыру мәселесі талқыланады.

Тірек сөздер: соматизмдер, таным, когнитивтік парадигма, антропоэзектік, концептуалдық қор, педагогикалық технология, лексиканы оқыту, фразеологизмдер

Кіріспе

Қазіргі таңда қазақ тілін зерттеу мәселесі жаңаша бағыт алуда. Тілді дамушы құбылыс ретінде қарай отырып, адамға қатысты үдерістердің барлығын қоршаған әлеммен сабақтастықта қарастыру қазақ тіл ғылымының ұлттық көрінісін аша түсуде. Бұл бағыттар қазақ тіл ғылымын әлемдік лингвистика деңгейіндегі зерттеулер деңгейінде бағалануына мол мүмкіндік береді. Жоғары әлеуетті жаңашыл бағыттар қазақ тіл білімінің ғылыми теориялық контенті мен әдіснамалық негізін дамытып, сапалы зерттеулердің өмірге келуіне сеп болуда. Алдыңғы толқын аға буын ғалымдардың ғылыми айналысқа енгізген тілтаным теориясының ғылыми негіздері қазіргі ғылымдар тоғысында да жалғасын тауып отыр. Тіл табиғатын адам болмысымен бірлікте зерделеп, тіл мен таным ұғымдарын бірлікте зерттеу мәселесі лингвистика ғылымының заңдылықтары мен ережелерін қалыптастырып, тілдік бірліктердің сипатын түрлі аспектіде бағамдауға жол ашады. Құрылымдық зерттеу ұстанымдары кеңейе келе логикалық және танымдық қағидаларға бірігіп, тіл ғылымының ауқымы кеңейіп, зерттеу аспектілері де тереңдей түседі. Қазіргі таңда қазақ лингвистикасының

танымдық бағытын нақтылау, оның ғылыми-теориялық және әдіснамалық ұстанымдарын орнықтыру, жүйелеу, когнитивтік парадигма әрі антропоэзектік негіздерін анықтау тіл ғылымын зерттеудегі өзекті мәселелер қатарынан көрініс береді.

Қазіргі зерттеулердің заманауи талабы тіл біліміне ғылымаралық кіріктірілген сипатта, ғылыми зерттеудің антропоэзектік бағыттағы жаңа әдіснамасын жасауды міндеттейді. Тілдің танымдық қызметінің маңызын С.Аманжолов: «Тіл – қоғамдық қатынас құралы, тап құралы деумен оның маңызын бітіре қойғамыз жоқ. Мұның ең маңызды жағы оның дүние тану құралы болатындығында» [1, 44 б.] деп, айрықша атап көрсетеді.

Тіршіліктің басты құралы тіл болмысына зер салу, әрбір сөз мағынасын халықтық таным тереңінен суырып, тіл болмысын адамның қабылдау, пайымдау, ойлау құбылысымен ұштастыру - отандық тіл ғылымын жаңа биікке көтерсе, жоғары оқу орнында болашақ тіл мамандарын дәстүр мен жаңашылдық үдерістерін танымды дамыту үрдісімен ұштастыра оқытып, ұлттық болмысты тану мен мол байлықты қолдану дағдыларын арттыруға мүмкіндік береді.

Материалдар мен әдістер

Мақала жазу барысында Отандық ғалымдардың еңбегіне шолу жасалып, салыстыру, анализ, синтез әдістері қолданылды. Қазақ тілі соматизмдерін танымдық қырынан таныту және қолдану түрлі әдістер деңгейінде ұйымдастырылды.

ЖОО студенттеріне қазақ тілі курсы бойынша соматикалық лексиканың ұлттық танымдық үдерістегі сипатын таныту үшін алдымен жалпы лексикалық жүйе туралы түсініктерден басталғаны жөн. Лексикалық жүйе семантикалық өрісте толық бейнеленеді. Ал семантикалық өріс – лексикалық бірліктердің жинақталған сатылық құрылымдары. Өріс – лексикалық бірліктердің әртүрлі ұғымдар мен лексика-семантикалық варианттары. Бұл жөнінде ғалымдардың тұжырым-пікірлерін саралап көретін болсақ, олардың көзқарас ойлары арқылы айқындалған әртүрлі анықтамаларды салыстыра бағамдауға мүмкіндік болады. Қазақ тіліндегі соматизмдер фразеологизмдерді құраушы процесте басымдық көрсетеді. Қазақ тілі лингвистикасының бөлінбес құнды бөлшегінің бірі – фразеологизмдер. Фразеологизмдерді оқыту арқылы студенттер лингвистикалық білім қорын кеңейтуге, сөздік қорын молайтуға, коммуникативтік қарым-қатынаста орынды қолдануға бағдарланады. Өйткені фразеологизмдер – коммуникативтік қатынастағы аса маңызды қатысымдық тұлға ретінде саналып, оны терең меңгерту арқылы болашақ тіл мамандарының өз саласында кәсібилік құзыреттіліктерін қалыптастырушы күш қатарынан саналады. Мұнда халқымыздың дүниетанымы, ұлттық мәдениеті, тіршілік болмысы, салт-дәстүрі, наным-сенімі, тарихы көрініс береді. Құрамы кем дегенде екі сөзден тұратын, сөйлеу кезінде бөлшектенбей немесе сөз қосылмай даяр күйінде тұтас жұмсалатын, құрамы мен құрылымы өзгермейтін, мағыналық жағынан біртұтас мағынаны беретін бұл сөз тіркесінің лингвистикадағы рөлі зор. Қазақтың тілдік қорының байлығы мен қолданудағы

мол мүмкіндіктерін айшықтайды. Қазақ тіліндегі фразеологизмдерді өзге тілге мағынасын сақтап, дәлме дәл аудару мүмкін емес. Бұларды өзге тілге сөзбе сөз аударатын болса, беретін мағынасынан мүлдем айырылады.

Отандық ғалымдардың ішінде фразеологизмдерді зерттеген ғалым – І.Кеңесбаев. Ғалым зерттеуінде: «...үш критерийді түгел қамтитын тұтастық пен тұрақтылық кез келген сөз элементінен немесе сөйлемнен табыла бермейді. Ал ондай белгілердің екеуі болып, бірі болмаса немесе біреуі ғана болып екеуі болмаса, ешбір лексикалық грамматикалық тұлға фразеологизм дәрежесіне көтеріле алмайды. Ал фразеологизм категориясын алатын болсақ, ол аталмыш үш белгінің, яғни үш критерийдің үшеуіне бірдей ие, үш қасиеттің үшеуі бір-бірінен ажырамай, іштей өзектесіп жатады» [7, 217 б.], -дейді. Мұндағы сөз болып отырған үш критерий – тұтастық, тиянақтылық, тұрақтылық. Ғалымның пікірінше, осы үш элемент тек қана фразеологизм сөздерде болатыны және оларды ажыратудағы басты белгі осы үш критерийге сүйенбек. Тағы ғылыми дерек ретінде ғалымның тұрақты сөз тіркестерін фразалық және идиомалар деп жіктеуі орыс ғалымы Н.Н.Амосованың жіктелімімен сәйкес келеді. Осылай екіге бөліп қарастыру олардың семантикасымен байланыстырылады. Мәселен, *жүрек жалғау, қабырғасымен кеңесу*, сияқты фразеологизмдердің білдіретін мағынасы бұрынғы мағынасынан алшақтап кетуіне байланысты идиома қатарына жатқызылады. Ал *бас көтеру, бас ию, белін бекем байлау, қабырғасы қайысу, өкпесі өшу* сияқты тіркестер фразалар қатарына жатады. Фразеологиялық құбылыстар көптеген тілдерге ортақ болғанымен, әр тілдің өзіндік фраземаларының семантикалық ерекшелігін, бейнелілігін, тілдің көркемдігін танытады. Отандық белгілі ғалым А.Т.Қайдаров қазіргі қазақ тілінің фразеологизмдерін жіктеліміне соматикалық фразеологиялық бірліктерді бір топ ретінде бөліп қарастырады. Ғалым Р.А.Авакованың зерттеуі бойынша «Адамның анатомиялық атаулары (соматизмдер) мен қимыл қозғалыстарына байланысты туған соматикалық фразеологизмдер» деген атаумен топтамадағы басқа фразеологизмдердің қатарын бастайды. Фразеологизмдер тілдегі айтылатын ойға мәнер беріп, көркем шығарманың тіліне көркемдік беруге үлес қосады. Былайша айтқанда, көркем шығарманың немесе сөйлеушінің тілін көркемдеудің – басты құралы. Демек студенттерді оқыту үдерісінде ұстанатын басты ұстаным – ғылымилық ұстаным. Соматизмдердің репрезентацияланып жұмсалуды студенттер түсініп, оны қолдану іскерлігін дамытуда түрлі жаттығулармен бекітіледі. Жаттығу әдісі, грамматикалық анализ әдісі арқылы соматикалық фразеологизмдерді орынды қолдануға, ауызша, жазбаша нормаларды дұрыс игеруге машықтандырылады. Аудиториялық жұмыстардың басы сөздіктермен жұмыстан басталады. Семантикасын ұғынып алғаннан кейін, қолданыс жаттығуларына, талдауларға кезек беріледі. Мәселен, ғалым В.В.Иванов зерттеуінде соматикалық фразеологизмдер астарында жалпы адамзаттың рухани-мәдени болмысын танытатын, оның ішінде адам тәнін, ойлау жүйесін, танымдық әрекеттерінің көрінісін тілмен біртұтастықта қарастырады. Әлемнің тілдік бейнесінде соматикалық фрагменттерді зерттеп, лингвистикалық әдіс-тәсілдер қатарында оны бинарлық оппозициялық жұптар

классификациясында таныту өте маңызды санаған ғалым адам тәні мен ағзасының физиологиялық құрылысы бойынша *бас, кеуде, аяқ* деп үшке бөліп жіктеп алады [6, 56]. Студенттерге де осы ретпен түсіндірілген тиімді.

Сондықтан адамның бас бөлігінде орналасқан мүшелерге тоқталар болсақ, алдымен *төбеден* бастаймыз. Қазақтың танымындағы қуану эмоциясы - *төбесі көкке жетті. Төбесінен айдары есті* – жолы болды, *төбесін ою* – қорқыту, *төбесін тесті*– ұрысты, т.б. Қазақ болмысында *төбе* соматикалық фразеологизмінің қатысуымен көңіл-күйге қатысты қолданыстардың болғанын байқаймыз. А.Нұржанованың зерттеуінде *маңдайға* қатысты фразеологизмдерге талдау жасалғанын кездестіруге болады. Қазақ түсінігінде *бақ/сор* ұғымдары *маңдай* соматизмі арқылы жасалып, өте көп нұсқаларының қолданылғаны айтылады. Мәселен, қазақ адамның тағдырын *маңдайына жазылған* дейді. *Маңдайының бағы бар* – бақытты, *маңдайының соры бес елі* - бақытсыз, *маңдайы жарқыраған* – жолы ашық секілді танымдық мағына беретінін көрсетеді. «Маңдай – адамның алдыңғы бағытын, яғни алдыңғы жағын көрсететін дене мүшесі. *Маңдайың ашық болсын* деген тілек «жолың ашық болсын, кедергілер кездеспесін» дегенді білдірсе, *маңдай алды* атану «алдыңғы қатарға, алға шығу» да алға шығу, алдыңғы бағытты меңзейді. Сондай-ақ бақыттың да, сордың да, бейнеттің де, шаттықтың да ең әуелі маңдайға тиетіні байқалады» [6, 61 б.],- дей келе, *маңдайға тиді* – тақсырет тартты, *маңдайы ашылды* – бағы жанды, *маңдайы күнге күйді* - азап шекті, *маңдайына сыймады* – бұйырмады, *маңдайы тасқа тиді* – беті қайтты, тауы шағылды, *маңдайына түк бітпеген* - кедей сияқты соматикалық фразеологизмдердің мағынасын ашады. Бұған біздің қосарымыз – адамның мінез-құлқына байланысты туған соматикалық фразеологизмдер. *Маңдайы жазық* – мінезі жайлы, *маңдайы жарқыраған* – ашық-жарқын мінезді, *маңдайы тырысқан* – мінезі жайсыздау. Яғни *маңдай* соматикалық фрагменті адамның тарапына қатысты қазақ танымынан орын тебуі жайдан-жай әрекет емес. Қазақтың ұғымында *маңдай* адамның жоғары орналасқан мүшесі болғандықтан, оның танымдық қызметі де жоғары. Яғни қазақ мифологиясындағы әлемді құраушы үш ғарыштық зона, мифтік және діни үш қабаттық құрылыммен үйлестіріледі. Студенттердің өздік жұмысы – олардың оқутанымдық әрекетінің бір түрі. Сондықтан өз бетімен өздік жұмыстарды орындату бағытында ізденімдік тапсырмалар беру маңызды. Осы орайда соматизмдерді теру, *бас, кеуде, аяқ* бөліктері бойынша жүйелеп кластерге түсіру, лексика-семантикасын айқындату, салыстыру, анализ, синтез жасату секілді тапсырмалар арқылы іскерлік дағды қалыптастырылады. Өз бетімен ізденімдік дағдысын дамыта отырып, білім деңгейі өседі, танымдық құзыреттіліктері артады.

Нәтижелер

Ғалымдардың пікірінше көзге қатысты фразеологизмдер өте көп. Олардың бірнешеуіне тоқталуды жөн санаймыз. Адамның іс-әрекетіне байланысты топтайтын болсақ, жағымды және жағымсыз әрекеттер деп бөліп қарастыруға болады. *Көз бояушылық жасады* (алдады), *көзін бақырайтып қойып* (көзінің

алдында жағымсыздық жасау), *көзді ала беріп* (байқатпай, білдіртпей іс істеу), *көздің жауын алады* (әдемі), *көзден таса қылмады* (қадағалау, алысқа жібермеу), *көз алдынан кетпеді* (елестету), т.б. Сонымен қатар қазақтың танымында кеңістік пен уақыт түсінігінде алыстық пен жақындықты да көз мөлшерімен бағамдау қалыпты құбылыс. Мысалы, *көзге түртсе көргісіз (қараңғы), көз ұшында (жақын), көз көріп, құлақ естімеген* (беймәлім), *көз байланған шақ* (қараңғылық басу) сияқты фразеологизмдер қазақтың танымында түсініктеме беруді қажет етпейтін қолданыстар деп айтуға болады.

Ғалымдар еңбектерінде адам денесінің «жоғары әлемдік», «ортаңғы әлемдік», «төменгі «әлемдік» иерархиялық сатылық жүйесі тілдік арнада соматикалық фразеологизмдердің синонимдік қатарын көптеп түзе келе, тілдің образды дәрежеленуінің күшеюі мен экспрессияның барынша молаюына әкеліп соғатынын айтады. Мысалы, *үстемдік жасау, басыну, қорлық көрсету* мағынасына *тізесін батырды, басына әңгір таяқ орнатты, кеуде көрсетті, табан асты етті*, табанға салып таптады деген соматикалық модельдер жұмсалады. Ал адамның іс-әрекетінде беделінің төмендеуін немесе ішкі жан дүниесіндегі рухтан айырылуы да фразеологизмдердің тууына себеп бола білген. Оны қазақ танымында *басын салбыратты, басын жерден көтере алмады, басы жерге түсті, басы аяғына жетті* десе түсінікті қабылданады. Мұндай соматикалық модельдердің жарыса қолданылуы ғалымдардың жоғарыда айтқан тұжырымдарының дәлелі.

Соматикалық тілдік модель ретінде *ауыз мүшесінің аузы аққа жарымаған* – тойып тамақ ішпеген, *аузын айға білеген* – сөзі өткір, өктем адам, *жұмған аузын ашпайтын* – көп сөйлемейтін, сыр шашпайтын адам, *аузын ашса жүрегі көрінеді* - ақкөңіл адам, т.б жұмсалады. Мұнда адамның әлеуметтік жағдайын көрсететін, адамның мінезін сипаттайтын модельдер – қазақ лингвистикасының қорындағы тілдің мол байлығы. Соматикалық фразеологизмдер адам тәніндегі мүшелердің таным арқылы ұғым-түсінікке айналып тілдік қолданысқа енуі – тілдегі репрезентациялық құбылыс. Сондықтан олар адам анатомиясы мен физиологиясына қатысты ұғымдардың объектенуі мен материалдық қалыпқа енуі, халықтың болмысының табиғи қалпын сипаттайтын тіл бірліктері болып қолданыла береді. Адам тәнінің ортаңғы тұсы дене мүшелеріне қатысты соматикалық фразеологизмдер де біршама баршылық. Олар адамның іс-әрекетіне, мінез-құлқына, эмоциясына, әлеуметтік күйіне, т.б. байланысты танымды танытады. Мәселен, *«арқа еті арша, борбай еті борша»* деген тілдік модель әбден болдырған, шаршаған, тозған адамға қатысты айтылады. *«Жонынан таспа тілді»* - әбден сабау, *желкесі қиылды* – зорлықпен өлу, *желкесіне мініп алды* – зорлық, үстемдік көрсетті, *ашса алақанында, жұмса жұдырығында* – айтқанына көндіру, қыспаққа алу, *иығынан жүк түсу* – жеңілдеу, істі бітіру. Адамның түрлі эмоциялық күйлеріне қатысты *өкпесі қара қазандай* – өкпелеу, *жүрегі жұмсақ* – мейірімді, *жүрегі суылдау* – қорқу, *жүрегі аузына тығылу* – қорқу, *жүрегінің түгі бар* – қорықпайтын адам, *жүрек жұтқан* – батыр, *бауыры жұқа* – бауырмал, *бүйрегі бұру* – жақын тарту, т.б. қолданыстардың болуы қазақ халқы әрбір ағзаның құрылысы мен олардың

қызметін жақсы білгендігінен хабар береді. Адам ағзалары атауларын өмір ағымына бейнелеп араластыруы, олардың аялық білімі мен тілдік байлықтарының ашық көрінісі. Соматикалық фразеологизмдердің арқасында халықтық танымның көкжиегінің кеңдігі айқындала түседі. Бұлар арқылы адам бейнесі сомдалып, олардың жеке басына қатысты, қоғамдық-әлеуметтік қарым-қатынастар жүйесіндегі деңгейіне қарай жинақталған түсініктер адам санасына сіңе береді. Адамзат тәніндегі әртүрлі ағзалардың атқаратын өзіндік қызметі негізінде іске асырылатын қимыл-қозғалыстар, сезімдер арқылы танып білу, логикалық ойдың баршаға ортақ құбылыстар екені мәлім. Сондықтан соматикалық лексика барлық тілде де кездеседі, алайда қазақ тіліндегі соматикалық фразеологизмдер фрагменті өте өнімді түрде жұмсалатын бірліктер. Келесі кезекте жоғарыда айтып өткен үш қабаттық құрылымның төменгі әлемі – адамның белден төменгі дене мүшелерін қамтитын фразеологизмдерді талдап көреміз. *Тізесі дірілдеу* – қорқу, *табанынан тозды* – шаршады, *өкшесі өкшесіне тимеу* – қатты жүгіру, қашу, *табанының бүрі кете бастады* – сенімсіз бола бастау. Бұлар – адамның қимыл-қозғалысына, іс-әрекеттеріне сай айтылатын соматикалық фразеологизмдер. Орыс ғалымдары М.В.Пименова, В.Н.Телия, М.П. Одинцова, т.б. тілдегі адам бейнесін дүниенің тілдік бейнесімен қабыстыра, тілдің құралдары арқылы таным жүйесінің көрсеткіші ретінде зерделеудің маңыздылығын айта келе, оны зерттеудің өзектілігінің басымдығын көрсеткен.

«Дүние моделі әр түрлі тарихи кезеңдердің, адамзат ойлауының әр түрлі этаптарының өзіндік ерекшеліктеріне сай құрылатындықтан, ондағы өзгерістердің барлығы да тілге адамның және оның мәдениетінің нышан-белгілерін арқалап енеді» [8, 11 б.]. Қазақтың дүниетанымында дерексіз дене мүшелеріне қатысты фразеологизмдер көптеп түзілген. Адамның психикалық күйі, сезім жағдайына қатысты *жан, ой, сана, ес, ақыл, ар, абырой, намыс, ақыл* т.б абстракцияланған құбылыстар адамның басқа мүшелерімен бірдей дәрежеде сипатталады. Мұндай соматизмдерді алатын болсақ, *ойы онға, санасы санға бөлінді* – бір шешімге келе аламау, *ойына да кіріп шықпады* – көңіл бөлмеу, *ойдан шықты* - риза болу, *ойында дым жоқ* – ештеңеге уайымдамау, *ой тоқтатты* – ойлану. *Жаны мұрнының ұшына келді* – қорықты, *жаны алқынды* – қиналды, *жаны шықты* – өлді, *жаны көзіне көрінді* – қатты бату, *жан даусы шықты* – жанталаса айқайлау. *Абыройы айрандай төгілді* – ұятқа қалу, *Ақылынан адасты* – адасу, *жаны ашу* – аяу, *жігерін қайрау* – жігерлендіру, т.б. адам еркіне бағынбайтын, бірақ өзіндік қарым-қасиеті салмақты соматикалық фрагменттер халықтың бағамдық бағдары мен аялық білімінің көрінісінен туған тілдік құбылыстар деп санаймыз. Қазақтың біртуар ақыны, педагог М.Жұмабаевтың «Педагогика» еңбегінде көрсеткеніндей: «Тән – адам жанының қабы» дейді және «Дене жанға, жан денеге байлаулы, біреуінің біреуінсіз күні қараң. Өзімізге мәлім: денеміз сау болса, жанымыздың ісі де сау, жақсы болады. Яғни ақылымыз түзу, сезіміміз дұрыс, қайратымыз берік болады» [9, 53 б.], - дегендей, адамның жаны мен тәні, олардың ішкі және сыртқы қызметі халықтың

дүниетанымымен байланыстырылып, тілдік семантикалық кеңістікте танылуына септігін тигізеді.

Талқылау

Неміс философы В. фон Гумбольдттың пайымдауынша, адам баласының сөйлеу қабілеті Жаратушыдан келген ғажайып сый ғана емес, бұл адам болмысының ажырамас, құрамдас бөлігі сипатында түсіндіріледі. Ал, XX ғасыр басында В.Вундт «халықтар психологиясын» одан әрі қарай дамытып, оны тіл білімінің методологиялық негізі деп қалыптастыруға талпыныс жасады. Атап айтқанда, В.Вундт адам болмысына қатысты күрделі интеллектуалды үдерістер, эмоциялар, сезімдік құбылыстарды зерттеуде басқаша әдістердің қажет екенін алға тартты. Сондай-ақ, қазақ топырағының көрнекті ғалымы Қ.Жұбанов тілді адам, қоғам, таным, ұлт, мәдениет факторларымен негіздей қарастырады. Зерттеу барысындағы бұл үрдіс ғалымның негізгі қағидаттарының біріне айналған. Мұны қазіргі тіл білімінің ең өзекті бағытына айналған антропоэлекті парадигма аясында тануға болады. Қазақ тілін антропоэлекті парадигма бағытында зерттеген Ә.Қайдар, Р.Сыздық, Н.Уәли, Ж.Манкеева, Ф.Оразбаева, Э.Сүлейменова, Ш.Елемесова, А.Әмірбекова, А.Абасилов, Ж.Сұлтан секілді ғалымдар тіл тарихын және тілдің жаңаша бағыттары (когнитивті лингвистика, этнолингвистика, психолінгвистика, лингвоелтаным, лингвомәдениеттаным, нейролингвистика, прагмалингвистика, гендерлік лингвистика, лингвопалеонтология және т.б.) тұрғысынан зерттеулер жүргізіп, қазақ тіл біліміне жаңа леп беруде.

Қазақ тіл біліміндегі антропоэлекті парадигманың негізін қалаушылары – А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжоловтың ізін жалғастырушы, тілді ұлттық танымды қалыптастырушы әрі танытушы ретінде зерттеген – академик Ә.Т.Қайдар. Ғалым: «Қазақ халқының тұрақты дамуының ең сенімді, әрі күдіретті күштеріне қазақ тілінің тек қатынас құралы ретіндегі ғана емес, оның өткен өмірді де, халық даналығын да, ұлттық салт-дәстүр мен мәдениетті, ата мұрасын ұрпақтан ұрпаққа шашпай-төкпей жеткізетін мұрагерлік (кумулятивтік) қызметі жатады. Ұлттық тіл ұлттың өзін ғана танып-білудің құралы емес, сонымен қатар, халықтарды бірлестірудің, елдікті сақтаудың, мемлекетті дамытудың алғышарты», – деу арқылы тіл ұлттың танымын ғана көрсетіп қоймай, халықты біріктіруші күшке де ие екенін көрсетеді [2, 5 б.].

Ж.Манкеева тілді антропоэлекті парадигмада зерттеуді тарихи-танымдық аспектіден бастайды. Профессор көне түркі ескерткіштеріндегі кездесетін материалдық мәдениетке қатысты тілдік деректерге сүйене отырып, қазіргі тіліміздегі атаулармен салыстырады. Жан-жақты тілдік талдау жұмыстарын жүргізген. Ғалым этномәдени тілдік бірліктердің тек этнолингвистикалық сипатын ашумен қатар, оларды антропоэлекті парадигмаға сай талдап түсіндіреді. Ол: «Тіл – тек коммуникативтік құрал емес, сонымен бірге адам болмысының, оның мәдениетінің көрінісі. Өйткені мәдениет таңба, белгіден тысқары, яғни тілден тысқары өмір сүре алмайды. Адамды түгелдей дерлік таңбалық әлем қоршаған. Өйткені адам болмысының өзі таңбалық, тілдік

болмыс. Адам бір мезгілде таңбаны тудырушы да, оны талдаушы да. Тіл – тек денотативті (белгілі сигналдық) коммуникация құралы ғана емес, сонымен бірге коннотативті (белгілі әлеуметтік-мәдени, идеологиялық мәні бар) құрал. Тілде әр халықтың тарихы, оның өмірі, тіршілігі, шаруашылығы мен мәдениеті жатыр» [3, 126 б.]. Біз шолу жасаған қазақ тіл білімінің классиктеріне айналған ғалымдарымыздың кішкентай бір бөлігі ғана, ендігі кезекте қазақ тіліндегі соматикалық лексиканы антропоэзектік парадигмада зерттеген тілші-ғалымдарымыздың еңбектері жайында айтылады. Солардың бірі – Уызбаева Баян Кәменқызы. 1994 жылы «Қазақ тіліндегі соматикалық етістік фразеологизмдердің этнолингвистикалық сипаты» [4] атты кандидаттық диссертациясында соматикалық етістік фразеологизмдерді тақырыптық топтарға жіктеп, әлеуметтік, қоғамдық тұрмыс-тіршілікке қатысты; адамдардың өз басына және өзара қарым-қатынасына байланысты; салт-дәстүр, әдет-ғұрыпқа, наным-сенімге; халық медицинасына байланысты; адамның психикалық-физиологиялық ерекшеліктеріне, өлшем/метрономия/ ұғымына қатысты, т.б. топтарға талдау жасайды.

«Көз» соматизміне байланысты М. Абдрахманованың ««Көз» концепті: лингвомәдени және танымдық парадигмасы» [5] атты диссертациясының орны ерекше. Бұл еңбекте көзге байланысты этнос ұғымы, көз қимылының ақпараттық белгілері, «көз» концептіндегі өлшем, «көзі қимау» феномені, «көз» концептіндегі «о дүние» мен «магия» туралы түсінік т.б. тың зерттеулер жасалған. Онымен қоса көздің құрылысы, көз функциясының бұзылуы жайында анатомия, медицина ғылымдарынан да ақпараттар келтіріп, олардың қазақ тілінің сөз қолданысында қалай аталып жүргенін, тіпті көз ауруының болу салдары да тұрақты тіркестер арқылы көрсете білген.

Қазақ тіліндегі соматизмдерге байланысты жазылған келесі бір еңбек – А.Б. Нұржанованың «Дүниенің қарабайыр бейнесі: фразеологиялық фрагменттің соматикалық коды» [6] атты кандидаттық диссертациясы. Бұл еңбектің маңыздылығы қазақ халқының қарапайым танымындағы соматикалық кодтың негізделу тамырларын ашып көрсетуінде жатыр. Диссертацияда соматикалық кодты ашудың төрт түрлі тәсілін көрсетеді. Бірінші тәсіл – бинарлық оппозициялық тәсіл. Ол жайында ғалым: «...дүниенің тілдік бейнесінің соматикалық фрагменттерін зерттеуде бинарлық оппозициялық жұптар классификациясын лингвистикалық әдіс-тәсілдер қатарында қолданудың маңызы зор. Себебі адам организмінің физиологиялық асимметриясы (оң/сол) және адамның дене тұрқының вертикальды бағыттағы үштік жіктелісін (бас, кеуде, аяқ) арқау еткен соматикалық тілдік модельдер дүниенің қарабайыр бейнесінде ұжымдық сананың дуалистік және үшқабатты мифтік түсініктерін соматикалық кодқа түсіреді» [6, 31 б.], – дей келе, мысалдар келтіріп дәлелдеген. Екінші тәсіл ретінде адам психикасының анатомиялық интерпретациясын қолданады. «...дүниенің тілдік бейнесінің үзінділерінің бірінде, атап айтқанда, сыртқы әлемнен келетін әр түрлі сигналдарды сезу және қабылдау модельдерін ұлттық менталитеттің өзіндік ерекшеліктері бой көрсетпей қоймайды...Дүниені қабылдаудың тілдік моделі, ең алдымен тіл иесінің адамның дене құрылысы

туралы түйген ойын, ұғым-түсініктерін береді, тіл өкілінің өзінің ішкі әлемі мен өзін қоршаған дүние-әлемді тануын, сезінуін, түйсінуін бейнелейді» [6, 31 б.], – деп, ғалым соматикалық кодты зерттеуде әр халықтың танымы мен әлемді қабылдауымен санасу маңызды екенін көрсетеді. Онымен қоса А.Нұржанова өз еңбегінде адамның «қарабайыр» физиологиясы (түр-сипатқа байланысты фразеологизмдер) мен адам дене мүшелері атауларының тұрмыстық мәдениеттің соматикалық коды қызметінде жұмсалуына да кең тоқталған.

Яғни, қазіргі таңдағы антропоэзектік парадигма тіл арқылы ұлт болмысын, танымын ашуға мүмкіндік береді. Ілгеріде адам тілді зерттеуші субъект болса, бүгінгі күні зерттеу объектісіне айналды. Осы арқылы біз ұлттық болмыс пен ұлттық мәдениетті ғылыми тұрғыда зерттей аламыз. Әрбір этнос үшін бұл өте маңызды. Қазақ тіл білімінің іргетасын қалаушылар, А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжоловтар және т.б., ғалымдар еңбектерінде адамтануды тіл саласының бір мәселесі ретінде қарап келген. Ал біздің ғасырда бұл антропоэзектілік деп аталып, ұлт болмысын тануда тіл мен адамды ұштастыра зерттеп, ұмыт қалған, бірақ тілімізде сақталған мәдени кодтарды ашуға, ұлт болмысын тануға жаңаша мүмкіндіктер береді.

Қорытынды

Қорыта келе, тілді зерттеу барысында міндетті түрде тіл мен ойлаудың арақатынасына тіреледі екенбіз. Сол ой мен адам сабақтастығы негізінде тіл өз міндетін атқарады. Қазіргі таңда да, халықтың рухани деңгейі дамуына сәйкес, қай салада, не зерттелсе де адами көзқараспен, ұлттық таныммен жасалған дүние үлкен сұранысқа ие болуда. Ғалымдар ұстанған қағидаттар мен қолданған әдістерді, тұжырымдамалары мен пайымдамаларды бүгінгі күнгі қазақ тіл білімінің антропоэзектік парадигмасының қайнар көзі деп бағалауға болады. Сөздерді лексика-тақырыптық топтарға бөлу сөздердің қызметі мен қасиеттеріне негізделеді. Мысалы, соматикалық атаулар (дене-мүше атаулары), ыдыс-аяқ атаулары, ою-өрнек атаулары, т.б. Сөздерді тақырыптық классификацияға бөлу заттар мен құбылыстардың тектік, топтық, түрлік қатынастарға негізделеді. Лексика-семантикалық топтың тақырыбы, тақырыптық топтың семантикасы болады. Сондықтан семантикалық топ тақырыптық топқа, тақырыптық топ семантикалық топқа кіреді. Солардың бірі – соматизмдерді (адам дене мүшелері мен ағзалары атаулары) талдап, оны студенттерге қалай оқыту қажет деген мәселені сөз еттік. Соматизмдер студенттердің өздігінен ізденуі, білімді өз ынтасымен алуына, білімдік контент жинақтауға негіз болды.

Лексика бойынша әдеби тілдік норманы тәжірибемен ұштастыра оқытып, студенттердің санасына сіңіріп, білім, білік және іскерлік дағды қалыптастыру маңызды. Лексикология саласы тіліміздің сөз байлығын зерттейтін сала болғандықтан, тіліміздің мол мұрасын сақтау, дамыту әрекетін инновациялық оқыту әдістерімен ұштастыра жетілдіру маңызды. ЖОО-да маман даярлау бағытын оқыту үдерісі сапалы білім контентін контексте қолдана алуымен ұштастырылады. Сондықтан аталған мақсаттың үдесінен шығуға мүмкіндік беретін, білімгерлерді әртүрлі ғылыми теориялық негіз бен ақпараттарымен

камтамасыз ету арқылы жан-жақтылыққа жеткізетін педагогикалық үдерістердің рөлі зор.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Аманжолов С. Қазақ тілі теориясының негіздері. - Алматы, 2002. - 368 б.
- [2] Қайдар.Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде (этнолингвистикалық сөздік) Адам. – Алматы: Дайк-Пресс, 2009.
- [3] Манкеева Ж. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. -Алматы: Жібек жолы, 2008.
- [4] Уызбаева Б.К. Қазақ тіліндегі соматикалық етістік фразеологизмдердің этнолингвистикалық сипаты: филол.ғыл.канд.дис. – Алматы, 1994.
- [5] Абдрахманова М.Б. «Көз» концепті: лингвомәдени және танымдық парадигмасы: филол.ғыл.канд.дис.– Алматы, 2008.
- [6] Нұржанова А. Дүниенің қарабайыр бейнесі: фразеологиялық фрагменттің соматикалық коды: канд. дис. – Астана, 2010.
- [7] Кеңесбаев І. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы, Абзал-Ай,2014. - 640 б.
- [8] Серебренников Б.А., Кубрякова Е.С., Поставалова В.И. и др. Роль человеческого фактора в языке: Язык и картина мира – М.: Наука, 1988. - 216 с.
- [9] Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы, 1991. – 544 б.
- [10] Yelubayeva P., Khudiarova Sh., Tleubai S The role of media literacy in promoting critical communication skills in language teaching classrooms. //Buletin of KazUIRandWL named after Ablai khan “Pedagogical series”. – 2023-73(4). - Pp- 123-128.

REFERENCES

- [1] Amanzholov S. Qazaq tili teoriyasynyn negizderi (Basics of the theory of the Kazakh language). Almaty: “Gylym”, 2002. - p.368.[In Kaz]
- [2] Qajdar.A. Qazaqtar ana tili aleminde (jetnolingvistikalıyq sozdik) Adam (Kazakhs in the world of their native language (ethnolinguistic dictionary) Human), Almaty: Dajk-Press, 2009.[In Kaz]
- [3] Mankeeva Zh. Qazaq tilindegi jetnomadeni ataulardyn tanymdyq negizderi (Cognitive foundations of ethno-cultural names in the Kazakh language). - Almaty: Zhibek zholy, 2008.[In Kaz]
- [4] Uyzbaeva B.K. Qazaq tilindegi somatikalyq etistik frazeologizmderdıq jetnolingvistikalıyq sipaty: filol.gyl.kand.dis. (Ethnolinguistic character of somatic verb phraseology in the Kazakh language: philol.science.cand.dis.). - Almaty, 1994. [In Kaz]
- [5] Abdrahmanova M.B. «Koz» koncepti: lingvomadeni zhane tanymdyq paradigması: filol.gyl.kand.dis. (The concept of "eye": linguocultural and cognitive paradigm: philol.science.cand.dis.). - Almaty, 2008. [In Kaz]
- [6] Nurzhanova A. Dynienin qarabajyr bejnesi: frazeologijalyq fragmenttin somatikalyq kody: kand. dis. (Primitive view of the world: somatic code of the phraseological fragment:cand.dis.). - Astana, 2010. [In Kaz]
- [7] Kenesbaev I. Qazaq til biliminin maseleleri (Problems of Kazakh linguistics). - Almaty, Abzal-Aj, 2014. - p.640 [In Kaz]
- [8] Serebrennikov B.A., Kubrjakova E.S., Postavalova V.I. i dr. Rol' chelovecheskogo faktora v jazyke: Jazyk i kartina mira (The role of the human factor in language: Language and the worldview). -M.: Nauka, 1988. - p. 216 [In Rus]
- [9] Zhumabaev M. Pedagogika (Pedagogy). - Almaty, 1991. - p.544. [In Kaz]
- [10] Yelubayeva P., Khudiarova Sh., Tleubai S The role of media literacy in promoting critical communication skills in language teaching classrooms //Buletin of KazUIRandWL named after Ablai khan “Pedagogical series”. – 2023-73(4). - Pp- 123-128.

КОГНИТИВНЫЙ АСПЕКТ СОМАТИЗМОВ В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ И ИХ ПРЕПОДАВАНИЕ В ВУЗАХ

*Турсыбек А.К.¹, Ерхожина Ш.Л.²

*^{1,2}Университет SDU, Алматы, Казахстан

Аннотация. Проблема изучения природы языка в единстве с человеческим бытием, изучения понятий языка и познания порождает закономерности и правила лингвистической науки, позволяет анализировать существование языковых единиц с точки зрения внутренних и внешних воздействий. Таким образом, сфера применения языковой науки расширяется, поскольку за структурными принципами следуют логические и когнитивные принципы. В статье рассматривается изучение лексики казахского языка в антропологическом направлении. В том числе обсуждается когнитивный аспект соматической лексики и рассматриваются пути ее обучения. В статье рассматривается состояние изучения соматической лексики в антропоцентрической парадигме казахского языкознания, а также говорится о семантических полях, которые в полной мере представляют лексическую систему языка. Широко обсуждается использование языковых единиц, на которых основаны названия частей тела, посредством репрезентации в действии. Наиболее продуктивное поле словарного запаса подтверждается когнитивным анализом ряда соматизмов. Если уделение внимания природе языка, являющегося основным средством жизни, извлечение значения каждого слова из глубины народного познания, соединение природы языка с явлением человеческого восприятия, суждения и мышления поднимет отечественную языковую науку на новую высоту, то подготовка будущих лингвистов в высшем учебном заведении, сочетая процессы традиций и инноваций с процессом когнитивного развития, позволит повысить навыки осознания национальной идентичности и использования ее богатств. В статье рассматривается проблема обогащения знаний и словарного запаса студентов как будущих лингвистов, формирования академических навыков на основе комплексного анализа.

Ключевые слова: соматизмы, познание, когнитивная парадигма, антропоцентрический, концептуальный фонд, педагогическая технология, преподавание лексики, фразеологизмы

COGNITIVE ASPECT OF SOMATISMS IN THE KAZAKH LANGUAGE AND THEIR TEACHING IN UNIVERSITIES

*Turysbek A.K.¹, Yerkozshina Sh.L.²

*^{1,2}SDU University, Almaty, Kazakhstan

Abstract. The problem of studying the nature of language in unity with human existence, studying the concepts of language and cognition gives rise to patterns and rules of linguistic science and allows to analyze the existence of linguistic units from the point of view of internal and external influences. Thus, the scope of language science expands as structural principles are followed by logical and cognitive principles. The article discusses the study of the vocabulary of the Kazakh language in an anthropological direction. The cognitive aspect of somatic vocabulary is also discussed and methods of teaching it are considered. The article examines the state of the study of somatic vocabulary in the anthropocentric paradigm of Kazakh linguistics, and also talks about semantic fields that fully represent the lexical system of the language. The use of linguistic units on which names of body parts are based through representation in action has been widely discussed. The most productive field of vocabulary is confirmed by cognitive analysis of a number of somatisms. If paying attention to the nature of language, which is the main means of life, extracting the meaning of each word from the depths of popular knowledge, combining the nature of language with the phenomenon of human perception, judgment and thinking will raise the domestic language science to a new height, then the training of future linguists in higher education, combining the processes of tradition and innovation

with the process of cognitive development, will increase skills of awareness of national identity and use of its riches. The article deals with the problem of enriching the knowledge and vocabulary of students as future linguists, the formation of academic skills based on a comprehensive analysis.

Key words: somatics, cognition, cognitive paradigm, anthropocentric, conceptual foundation, pedagogical technology, teaching vocabulary, idioms

Мақала түсті: 13 қаңтар 2024